

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



БЕКІТЕМІН

Сорбонна-Қазақстан
институтының директоры
Г.Б.НУРЛИХИНА
« 02 » _____ 2018 Ж.



«6М050600 – Экономика» мамандығы бойынша
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ, 2018

«6M050600 – Экономика» мамандығы бойынша магистранттар үшін (бағдарлы бағытталған) түсу емтихан бағдарламасы

Құрастырған: э.ғ.к., доцент Азбергенова Р.Б., э.ғ.к. Канабекова М.А.

(қолы)

Экономикалық мамандықтар кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № ____ хаттама, « ____ » _____ 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ Иманбердиев Б.Д.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Сорбонна-Қазақстан институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № ____ хаттама, « ____ » _____ 2018 ж.

Алматы, 2018 ж.

**6M050600 – Экономика мамандығы
бойынша магистратураға түсуге арналған
БАҒДАРЛАМА**

"КӘСІПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ" ПӘНІ

1 БӨЛІМ. Ұлттық экономика жүйесіндегі кәсіпорынның орны

1 тақырып. Кәсіпорын - шаруашылық объектісі, экономикалық жүйенің негізгі буыны ретінде.

Кәсіпорын- шаруашылықты жеке жүргізетін субъект және нарықтық қатынастардың негізгі жүргізушісі. Өндірістік кәсіпорындардың негізгі белгілері. Кәсіпорынның басты міндеттері және функциялары. Нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорындардың қызмет етуінің ерекшелік белгілері. Кәсіпорынның сыртқы ортасы: оның қызметіне ықпал ететін жағдайлар және факторлар. Кәсіпорынның кәсіпкерлік міндеттемелері және құқықтары.

Негізгі және қосымша берлігі бойынша кәсіпорындардың жіктелуі. Меншік нысандары, ұйымдық-құқықтық нысандары бойынша кәсіпорын түрлері. Кәсіпорындардың бірлестіктері.

Кәсіпкерлікті дамыту. Кәсіпкерлік: нысандары және түрлері. кәсіпкерлік қызметтегі тәуекел, оны бағалау әдістері.

2 БӨЛІМ. Кәсіпорындардың ресурстары және оларды пайдалану тиімділігі

2 Тақырып. Кәсіпорынның негізгі капиталы

Кәсіпорынның негізгі капиталының экономикалық мәні, олардың құрамы және құрылымы. Ұдайы өндірістің нысандары және негізгі капиталды жетілдіру.

Негізгі қорлардың тозуы, негізгі түрлері. Негізгі капиталды амортизациялаудың маңызы. Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың негізгі құралдарын бағалау әдістері. Амортизацияны есептеу әдісері: біркелкі, өндірістік, жеделдетілген, қалдық құнын азайту. Қазақстан Республикадағы амортизациялық саясат.

Негізгі капиталдың ұдайы өндірісі және пайдалану көрсеткіштері. Кәсіпорынның негізгі капиталын тиімді пайдалану факторлары. Негізгі капиталдың бәсеке қабілеттілігін арттыру Қазақстан Республикасын индустриалдық-инновациялық дамыту басымдықтарының бірі ретінде.

Кәсіпорынның тіркелген активтер. Кәсіпорынның материалдық емес активтері: түсінігі, түрлері. Материалдық емес активтердің амортизациясы.

3 тақырып. Кәсіпорынның айналым капитал

Айналым капиталы: оның маңызы, құрамы және құрылымы. Айналым капиталын қаржыландыру көздері.

Айналым құралдарының айналымы. Айналым құралдарының айналымдылығын және пайдалануын сипаттайтын көрсеткіштер. Кәсіпорын жұмысының экономикалық көрсеткіштерін жақсартуда айналым құралдарының айналымдылығын жеделдетудің мәні.

Айналым құралдарына қажеттілікті анықтау: өндірістік запастарды, аяқталмаған өндірісті және дайын өнімді қалыптастыру үшін.

Кәсіпорын жұмысының нәтижесіне айналым капиталын басқарудың әсері. Тауарлы-материалдық запастардың құнын бағалау әдістері.

Кәсіпорынның айналым қаржыларды пайдалануды жақсартудың негізгі бағыттары.

4 Тақырып. Шикізат, материалдық және отын-энергетикалық ресурстар

Шикізат пен отын-энергетикалық ресурстар түсінігі және жіктелуі. Пайдалы қазбалар қорының жіктелуі және оларды экономикалық бағалау. Қазақстан Республикасының шикізат базасы және оны дамыту бағыттары.

Кәсіпорынның энергетикалық ресурстарын пайдалану. Ауыл-шаруашылық базасын дамыту. Шикізаттың химиялық түрлерінің өндірісін дамыту. Өндіріс тиімділігін көтеруді және қоршаған ортаны қорғауды ескере отырып материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану жолдары.

Шикізат таңдаудың экономикалық негіздеуі, шикізатты кешенді түрде пайдалану, өндіріс қалдықтарын өндіру, шикізатты алғашқы өндеуден өткізу және толықтырудың экономикалық тиімділігі. Кәсіпорынның шикізаттық, материалдық және отын-энергетикалық ресурстарды

басқару мәселелері. Кәсіпорынның материалдық ресурстарын пайдалануды талдау көрсеткіштері және әдістері.

5 тақырып. Кәсіпорынның еңбек ресурстары

Кәсіпорын персоналы: түсінігі және сипаттамасы. Персоналдың сандық, сапалық сипаттарының көрсеткіштері. Персоналдың құрылымдық сипаттамасы.

Персоналдың жылжуын сипаттайтын көрсеткіштер.

Кәсіпорынның еңбек ресурстарына қажеттігін анықтау. Кәсіпорын жұмыскерлерінің жалпы санын, өнімін дайындаудың еңбек сыйымдылығы бойынша, өнімділік мөлшері бойынша, қызмет көрсету мөлшері бойынша жұмысшыларға қажеттілікті, әкімшілік-басқару персоналының санын анықтау.

Кәсіпорындағы кадрлық жұмыс. Кәсіпорындағы персоналды басқару тұжырымдамасы. Кәсіпорынның қызметін тиімділігін қамтамасыз етуде ұйымдастырушылық мінез-құлықтың мәні және маңызы.

Еңбек ресурстарын пайдалану көрсеткіштері. Еңбек өнімділігі: мазмұны, Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудағы ролі, есептеу әдістері. Еңбек өнімділігін өсіру факторлары және резервтері.

3 БӨЛІМ. Кәсіпорынның қызмет етуінің экономикалық механизмі.

6 Тақырып. кәсіпорында еңбек ақы төлеу

Еңбек мотивацияның мәні және нысандары. Еңбек ақы еңбекті мотивациялаудың негізгі нысаны ретінде. Еңбек ақының экономикалық маңызы және қағидалары.

Еңбек ақыны мемлекеттік реттеу. Еңбек ақыға мемлекеттік кепілдік беру. Квалификациялық анықтамаларды әзірлеу. Кәсіпорындардың еңбек ақыға бөлетін қаражаттарын, кәсіпорын жұмысшыларының табыстарын, әлеуметтік қажеттіліктерге бөлінетін аударымдарды салықтық реттеу. Әлеуметтік салықты есептеу әдістемесі. Жеке табыс салығының сипаттамасы. Міндетті әлеуметтік сақтандыру.

Әлеуметтік әріптестікті дамыту: бас, салалық және тарифтік келісімдер, ұжымдық келісім.

Кәсіпорындағы еңбек ақы төлеуді ұйымдастыру. Тарифтік жүйе, еңбек ақыны ұйымдастырудағы оның мазмұны және мазмұны. Жұмысшылардың еңбек ақы нысандары және жүйелері. Басшылардың, мамандар мен қызметшілердің еңбек ақысын ұйымдастыру. Еңбек ақының тарифтік емес жүйесінің маңызы. Еңбек ақыны ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі.

Еңбек күші шығындарының құнын анықтау. Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбек ақы қорының құрамы.

7 Тақырып. Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық саясаты

Инвестициялардың экономикалық маңызы, олардың жіктелуі және көздері. Капиталдық салымдар, олардың құрамы және құрылымы.

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі, оның маңызы, міндеттері, ерекшелігі және мемлекеттік қолдау. Инвестицияларды қаржыландыру көздері. Инвестициялық жоба: мазмұны, дайындау және жүзеге асыру кезеңдері. Альтернативті инвестициялық ұсыныстарды бағалау көрсеткіштері. Инвестициялардың экономикалық тиімділігін анықтау әдістемесі.

Кәсіпорынның инвестициялық қызметінің стратегиясы: мазмұны және әзірлеу қағидалары. тартымдылығын бағалау әдістемесі. Кәсіпорынның инвестициялық белсенділігі мен тартымдылығы. Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістемесі.

Басшылық инвестициялық ұсыныстар көрсеткіштері. Инвестициялардың экономикалық тиімділігін анықтау әдістемесі.

Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламасы, оның мақсаты, мазмұны, жүзеге асыру жолдары. Мемлекеттік даму институттары.

Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық саясаты. Инновациялардың маңызы және жіктелуі.

Кәсіпорындардың инновациялық қызметі: маңызы және міндеттері. Жаңашылдық басқару.

Инвестициялық және инновациялық жобалардың портфелін калыптасу, олардың маңызы, бағалау қағидалары және факторлары.

8 Тақырып. Өнімді өндіру және өткізу шығындары.

Шығындардың экономикалық маңызы, түрлері және құрамы. Кәсіпорын шығындарының жіктелуі. Экономикалық элементтері мен калькуляция баптары бойынша шығындардың жіктелуі. Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың өнімді өндіру және өткізу шығындарының құрамы.

Калькуляциялау, оның түсінігі және қағидалары. Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдістері. Калькуляциялаудың үрдістік, шекті және тапсырыстық әдістері. Шығындарды есепке алу мен калькуляциялаудың нақты және нормативтік әдістері.

Үстеме шығындар, олардың құрамы, бөлу белгілері. Үстеме шығындарды бөлу және басқарушылық шешімдерді қабылдау әдістемесі.

Өндіріс шығындарын анықтаудың шетелдік тәжірибесі. Өнімді өндіру және өткізу шығындарын азайтудың мәні, көздері және факторлары.

9 тақырып. Кәсіпорынның маркетингтік және өндірістік қызметі

Маркетинг- кәсіпорынның мақсатына жетудің кешенді жүйесі ретінде. Маркетингтің өндірісті ұйымдастыруға және кәсіпорынның негізгі функцияларына ықпалы

Стратегиялық жоспарлау және маркетингтік тәсіл. Маркетинг стратегиясын таңдау және жүзеге асыру.

Жоспарлаудың әдіснамалық негіздері. Кәсіпорын жоспарларының құрылымы. Өндіріс ішіндегі жоспарлау.

Кәсіпорындағы өнім шығаруды жоспарлауды ұйымдастыру. Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның өндірістік бағдарламасын әзірлеу әдістемесі.

Кәсіпорынның өндірістік қуаты және оны анықтау әдістері.

10 тақырып. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі: түсінігі, оның деңгейін көтеру қажеттілігі. Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуы және өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне арттыруға әсері.

Өнім сапасы: түсінігі, көрсеткіштері және деңгейін көтеру жолдары. Кәсіпорындағы өнім сапасын басқару жүйесі. сапаны басқарудағы жаңа стратегия. Өнімді стандарттау. Өнімді сертификациялау.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін өсірудегі бағаның рөлі. Экономикалық категория ретіндегі бағаның маңызы мен функциялары. Баға жүйесі және оның жіктелуі. Баға деңгейіне әсер ететін факторлар. Кәсіпорынның баға саясаты және баға белгілеу әдістері. Нарықтық жағдайында бағаны мемлекеттік реттеу.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің мәні. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне ықпал ететін факторлар. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістемесі.

11 Тақырып. Кәсіпорын қаржысы

Кәсіпорын қаржысы түсінігі және функциялары. Кәсіпорындағы қаржы қатынастарының қалыптасу нысандары. Кәсіпорынның қаржы қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидалары және бағыттары. Қаржы механизмі: құрамдық элементтері, құқықтық, нормативтік және ақпараттық қамтамасыз ету.

Кәсіпорынның қаржы ресурстары. Қаржылық жоспарлау. Кәсіпорындағы қаржы ресурстарының қалыптасу көздері. Қарыз қаржаттарын алу әдістері. Несиелер, оларды берудегі негізгі қағидалар.

Банкроттықтың түсінігі және белгілері. Банкроттық және дағдарыс кезінде кәсіпорынды қайта құру және басқару. Кәсіпорынды санциялау, қайта құрылымдау және жою.

Кәсіпорын шаруашылық объектісі ретінде

Кәсіпорын – шаруашылықты жеке жүргізетін субъект және нарықтық қатынастардың негізгі жүргізуші. Кәсіпорындар қалыптастырудың негізгі қағидалары. Кәсіпорынның басты міндеттері және функциялары. Кәсіпорынның кәсіпкерлік міндеттемелері және құқықтары. Әр түрлі белгілері және меншік нысандары бойынша кәсіпорындардың жіктелуі. Кәсіпорындардың жаңа түрлері – халықтық кәсіпорындар, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар. Кәсіпорын құрылымы. Кәсіпорындар бірлестіктері.

Банкроттықтың түсінігі және белгілері. Банкроттық және дағдарыс кезіндегі кәсіпорынды қайта құру және басқару.

4 БӨЛІМ. Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері және тиімділігі

12 тақырып. Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері

Табыс және пайда – кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижесінің жиынтық көрсеткіші ретінде. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сай жылдық жиынтық табысты есептеуде анықталатын табыс түрлері. Кәсіпорын пайдасының қалыптасу және бөліну тәртібі. Кәсіпорын төлейтін салықтардың сипаттамасы. Кәсіпорын пайдасына салық салу және бөлу.

Қазақстан Республикасының салық жүйесі. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сай салық салынатын пайданы анықтауда есептелінетін шегерімдердің сипаттамасы. Корпоративті табыстық салығын анықтаудың жалпы ережелері. Корпоративті табыстық салығын есептеуде салық салынатын табысты анықтау әдістемесі. Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы мен акциздерді есептеудің жалпы ережелері.

Кәсіпорындағы пайданы арттыру резервтері.

Рентабелділік – мазмұны, еспетеу әдістемесі. Рентабелділік деңгейін көтеру жолдары.

13 Тақырып. Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігі

Өндірістің экономикалық тиімділігінің маңызы және оның түрлері.

Өндірістің жалпы тиімділігі және оның көрсеткіштер жүйесі. Өндіріс тиімділігінің жекелеген (дифференцияланған) көрсеткіштері. Кәсіпорынның рентабельділік (табыстық) көрсеткіштері. Өндірістік қызметтің тиімділік көрсеткіштері. Өтімділік көрсеткіштері. Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері.

Өндірістің саластырмалы тиімділігі: мәні және оны анықтау әдістері. Инвестициялардың экономикалық тиімділігін анықтауда уақыт факторын есептеу (ақша ақғындарын дисконттау) әдістері. Таза ағымдық құн және табыстылықтың ішкі нормасы көрсеткіштерінің сипаттамасы. Өндіріс тиімділігіне ықпал ететін факторлар.

«КӘСІПКЕРЛІК» ПӘНІ

1-тақырып. Кәсіпкерлік: мәні, түсінігі, негізгі түрлері және ұйымдастырушылық нысандары

Кәсіпкерліктің мәні, мазмұны және функциялары. Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі мен объектілері. Кәсіпкерліктің мақсаттары, міндеттері және ұйымдастыру қағидалары. Кәсіпкерлікті қалыптастыру және дамыту жағдайлары.

Кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандары мен олардың ерекшеліктері. Кәсіпкерліктің түрлері, нысандары және жіктелуі. Дара кәсіпкерлік. Жеке кәсіпорынды құру жағдайлары мен шарттары. Франчайзинг кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысаны ретінде.

2-тақырып. Кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі бизнес- жоспарлау

Кәсіпорындағы жоспарлаудың жіктелуі. Бизнес-жоспарды жасау мен әзірлеу әдістемесі. Бизнес - жоспардың негізгі тарауларының мазмұны мен сипаттамасы.

3-тақырып. Кәсіпкерлік қызметтегі тәуекелдіктер

Тәуекел түсінігі мен түрлері және олардың жіктелуі. Кәсіпкерлік тәуекелді тудыратын факторлар. Кәсіпкерлік тәуекелді бағалау әдістері. Тәуекелдерді төмендету тәсілдері мен басқару әдістері.

4-тақырып. Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру

Кәсіпорынның қаржылық ортасы. Кәсіпкерлік қызметті қалыптастыру мен қаржыландыру көздері. Кәсіпкерлік қызметті несиелеу. Кәсіпкерліктегі лизингтік және факторингтік операциялар.

5-тақырып. Кәсіпкерлік қызметті кадрлармен қамтамасыз ету

Кәсіпкерлік қызметтегі еңбек ресурстарының қалыптасуы. Кәсіпорын персоналы мен оның құрылымы. Персоналды бағалау мен басқару әдістемесі. Кадр саясаты және оның түрлері. Кәсіпкерлік қызметте еңбекақы төлеуді ұйымдастыру.

6-тақырып. Кәсіпкерлік мәмілелерді кадрлармен қамтамасыз ету

Кәсіпкерлік мәмілелер және олардың түрлері. Кәсіпкерлік жүйесіндегі әріптестік. Келісімшарт- кәсіпкерлік (коммерциялық) мәмілелерді жүргізудің негізгі құжаты. Келісімшартты жасауға қойылатын негізгі талаптар. Келісімшарт тарауларының құрылымы мен мазмұны.

7-тақырып. Коммерциялық құпия және оны қорғау тәсілдері

Коммерциялық құпияның мәні мен мазмұны. Коммерциялық құпия құрайтын мәліметтердің жіктелуі. Кәсіпкерлік құпияны қорғау бойынша шаралар жүйесі. Құпияны жариялағаны үшін қолданылатын іс-шаралар.

8-тақырып. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жауапкершілігі

Кәсіпкерлер жауапкершілігінің мәні мен түрлері. Кәсіпкерлер жауапкершілігінің пайда болу шарттары. Кәсіпкерлердің әкімшілік жауапкершілігі. Кәсіпкерлердің қылмыстық жауапкершілігі. Кәсіпкерлердің өз міндеттемелерін қамтамасыз ету шарттары мен тәсілдері.

9-тақырып. Кәсіпкерлік мәдениеті мен этикасы

Кәсіпкерлік мәдениеттің мәні мен мағынасы. Іскерлік қатынастар. Іскерлік хатты дайындау ерекшеліктері. Кәсіпкерлік этикасы. Іскерлік этикет.

10-тақырып. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін талдау және бағалау.

Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау қағидалары, әдістері мен тәсілдері. Кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметін талдау. Кәсіпкерлік қызметтің бәсекелік жетістігін талдау.

11-тақырып. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және оның инфрақұрылымы

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың мәні және қажеттілігі. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары мен механизмі.

Кәсіпкерлік инфрақұрылымның мәні мен ерекшеліктері. Кәсіпкерлікті қолдаудың заманауи институттарының дамуы: бизнес-инкубаторлар, индустриалдық аймақтар, технопарктер және т.б.

12-тақырып. Кәсіпкерлік қызметті тоқтату

Кәсіпкерлік қызметті тоқтату және кәсіпкерлік ұйымдардың таратылуы. Кәсіпкерлік ұйымдарды қайта ұйымдастыру мен сауықтыру. Кәсіпорындардың тұрақсыздығы (банкроттығы).

"МИКРОЭКОНОМИКА" ПӘНІ

1-тақырып. Микроэкономикаға кіріспе

Негізгі микроэкономикалық түсініктер. Экономикадағы таңдау және шектеу. Әр түрлі экономикалық жүйелердегі ұштастыру мәселелері. Айналым моделі.

2-тақырып. Сұраныс пен ұсыныс

Сұраныс. Сұраныс көлемінің және сұраныстың өзгеруі. Ұсыныс туралы түсініктер. Ұсыныс көлемінің және ұсыныстың өзгеруі. Нарықтағы тепе-теңдік. Сұраныстың тауар

бағасына қатысты икемділігі. Сұраныстың тұтынушы табысына байланысты икемділігі. Сұраныстың тоғыспалы икемділігі. Ұсыныс икемділігі.

3-тақырып. Тұтынушы теориясы

Тұтынушылар талғамы. Тұтынушылар қалауы. Тұтынушы бюджетінің шектеулілігі. «Табыс-тұтыну» және «баға-тұтыну» қисықтары.

4-тақырып. Өндіріс теориясы

Өндірістік функцияның кейбір жалпы қасиеттері. Жалпы, орташа және шекті өнімдердің түсінігі. Орташа және шекті өнімдердің арасындағы өзара байланыс. Факторлар икемділігі. Изокванта. Өндіріс факторларының өзара алмасуы. Өндіріс ауқымының өсу тиімділігі. Өндіріс функциясының түрлері. Өндірістің қысқа мерзім кезеңіндегі шығындары. Орташа және шекті шығындар. Шекті, орташа айнымалы және орташа жалпы шығындар арасындағы қатынас. Изокоста және кіші шығындар қағидасы. Өсу траекториясы. Ұзақ мерзім кезеңіндегі өндірістік шығындар.

5-тақырып. Жетілген бәсеке

Жетілген бәсеке нарығының негізгі сипаттамасы. Жетілген бәсекелес фирманың қысқа мерзімді кезеңде пайданы мейлінше арттыруы. Жетілген бәсекелес фирманың қызметін тоқтату. Жетілген бәсекелес фирманың шығынын мейлінше азайту. Қысқа мерзімді кезеңде фирманың қызметін тоқтату. Бәсекелес фирманың іс-әрекеті. Бәсекелес нарықты талдауда тұтынушы мен өндірушілер ұтымы.

Монополистің өнім көлемі. Монополиялық биліктің көрсеткіштері. Нақты монополиялаудың белгілері. Монополиялық бағаны қалыптастыру ережелері. Бір тауар өндіретін монополия. Монополиялық биліктің әлеуметтік шығындары. Мемлекет тарапынан монополияны реттеу. Баға кемсітушілігі.

Курно дуополиясының үлгісі. Олигополия жағдайындағы фирманың стратегиясы және ойын теориясы. Картелдің құрылуы. Баға белгілеудегі басымдылық.

6-тақырып. Экономикадағы жалпы тепе-теңдік

Жалпы тепе-теңдікке жету. Жалпы тепе-теңдік теңдеулерінің жүйесі. Вальрастың жалпы тепе-теңдік үлгісі. Алмасу тиімділігі. Парето тиімділігі. Тиімділік және әділдік. Сыртқы әсерлер (экстерналийлер). Теріс әсерлер. Түземелі салықтар мен субсидиялар. Коуз теориясы. Таза қоғамдық игіліктер. Таза жеке игілік.

7-тақырып. Еңбек нарығы

Бәсекелес емес еңбек нарығындағы бағаның құрылуы. Еңбек нарығындағы кәсіподақ рөлі. Табыстарды бөлу. Еңбекке сұраныс пен ұсыныс. Жалақының орташа деңгейін анықтау.